

**Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту туралы**

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 787 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қаңтарда № 4852 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Қ. Көшербаев
<p style="text-align: center;"><i>К Е Л І С І Л Д І</i></p> <p>«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы</p> <p style="text-align: center;">О. Батырханов</p> <p>2014 жылғы «18» желтоқсан</p>	<p>Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «18 желтоқсандағы» № 787 қаулысы мен бекітілген</p>

**Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі**

1. Мүйізді ірі қара аурулары – тейлериоз, пироплазмоз.
2. Ұсақ қара мал аурулары – фасциолез.

3. Жылқы аурулары – сақау, гастрофилез.
4. Түйе аурулары – трипаносомоз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК